


№ 1 Алматы қазақ мемлекеттік
гуманитарлық-педагогтік колледжі

Тақырыбы:
Жалпылама таңдау әдісі.
Екі жақты аударма
ерекшеліктері

Алматы 2016




№ 1 Алматы қазақ мемлекеттік
гуманитарлық-педагогтік
колледжі

Тақырыбы:

**Грамматикалық талдау
әдісі. Грамматикалық
трансформацияларды
қолдану**

Алматы 2016



Грамматикалық трансформация кезінде түпнұсқа бірлігінің грамматикалық мағынасы өзгеріледі:


- сөйлемдерді біріктіру,
- сөйлемдерді бөлу,
- грамматикалық алмастырулар.

Сөйлемдерді біріктіру –


түпнұсқадағы екі не одан да көп жай сөйлемнен тұратын синтаксистік құрылымды біріктіру жолымен құрмалас сөйлемге айналдыру негізінде жасалатын синтаксистік трансформация, аударма тәсілі.

Сөйлемдерді бөлу -түпнұсқадағы құрмалас сөйлемді екі не одан да көп жай сөйлемге айналдыру негізінде жасалатын синтаксистік трансформация, аударма тәсілі.

Грамматикалық алмастырулар – түпнұсқадағы грамматикалық бірліктің аударма тілінде басқа грамматикалық мағынаға ие тіл бірлігімен алмастырылатын грамматикалық трансформация.



Грамматикалық өзгертулер тәсілі дегеніміз—оригиналдың грамматикалық бірлігін аударма тілінің басқа грамматикалық мағыналарымен өзгерту тәсілін айтамыз. Бастапқы тілдің кез-келген деңгейдегі грамматикалық бірлігі : сөз формасы, сөз табы, сөйлем мүшесі, белгілі типтегі сөйлем ауыстырылуы мүмкін. Аударма кезінде бастапқы тілдің формасын аударма тілінің формасына ауыстыру болатыны түсінікті. Грамматикалық ауыстыру аударманың ерекше тәсілі ретінде аудармада аударма тілінің формасын жай ғана қолдану емес, сонымен бірге аударма тілінің формасын қолданудан бас тарту, яғни бастапқы тілге ұқсас, өзге тілге мұндай форманы ауыстыру грамматикалық мағынасы жағынан олардан өзгеше болатын формадан бас тарту болып табылады



Мысалы, ағылшын, қазақ, орыс тілдерінде зат есімнің жекеше және көпше түрі бар және әдетте оригинал мен аударманың алынған зат есімдері сол берілген түрде жекеше не көпше түрде қолданылады, мынадай жағдайлардан басқа: ағылшын тіліндегі жекеше түрге орыс тілінің көпше түрінің сәйкес келгенде : (money-деньги, ақша) керісінше ағылшын тілінің көпше түріне орыс тілінің жекеше түрі сәйкес келгенде (struggles-борьба, күрес). Бірақ белгілі бір жағдайларда аударма процесі кезінде жекеше, көпше түрді ауыстыру окказиональды сәйкестікті жасау құралы ретінде қолданылуы мүмкін: We are searching for talent everywhere.- Мы повсюду ищем таланты.

They left the room with their heads held high. – Они вышли из комнаты с высоко поднятой головой.